

**Байғанин аудандық мәслихатының
2010 жылғы 5 ақпандағы №129
«Тіркелген салық ставкаларын
белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 422 - бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы №129 «Тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-94 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 наурызда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі атауындағы, 1 Қосымшасындағы және бүкіл мәтіні бойынша «ставкаларын», «ставкалар», «ставкаларының» деген сөздер «мөлшерлемелерін», «мөлшерлемелер», «мөлшерлемелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 Қосымшасындағы «1 Қосымша», «үтелі» деген сөздер «қосымша», «үстелі» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.